

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің зиянкестерімен және ауруларымен күрес жөніндегі шаралар туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыз N 1183 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 453 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерін зиянкестерден және аурулардан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп үстіміздегі жылдың тамыз айының ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы өсімдіктер зиянкестерінің, ауруларының және арамшөптердің көбею ошақтарын анықтау мақсатында зерттеу жүргізуді ұйымдастырсын.

Көрсетілген зерттеулерді жүргізу жөніндегі жұмыстарды қаржыландыруды бір көзден принципі бойынша 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Ауыл, су (су кадастрын жасау) және орман шаруашылықтары мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүргізісін.

Облыстардың әкімдері көрсетілген зерттеулерді жүргізуге жәрдем көрсетсін және оларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен 2000 жылға арналған жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының алдын алу және күресу жөніндегі жұмыстар үшін қаржы енгізу жөнінде шаралар қабылдау ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1999 жылдың 25 тамызына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстардың тұрғысында 2000 жылға арналған қажетті материалдық-техникалық және қаржы ресурстарына қажеттілік есептерімен бірге осы қаулының 1-тармағына сәйкес жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "2000 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қалыптастыру кезінде оларды 2000 жылдың қаңтар-ақпан айында толық көлемде бөлу шартымен өсімдіктердің жалпы зиянкестері мен ауруларының алдын алуға және жоюға арналған мақсатты қаражаты көздесін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 2000 жылдың 15 наурызына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес пестицидтер мен өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының алдын алуға және күресуге байланысты жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) қажетті көлемін сатып алуға арналған келісімшарттар мен шарттар жасауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан қосымшаға сәйкес құрамда консультативтік-кеңесші орган - Өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының алдын алу және күресу жөніндегі республикалық кеңес құрылсын.

6. Ауыл шаруашылығы министрлігі үстіміздегі жылдың қыркүйегінен кешіктірмей мүдделі министрліктер мен агенттіктердің қатысуымен зиянкестер мен аурулардың алдын алу және жою жөніндегі 2000-2003 жылдарға арналған республикалық бағдарламаны әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметіне бекіту үшін ұсынсын.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, шекара маңындағы облыстардың әкімдері шектес мемлекеттермен ауыл шаруашылығы өсімдіктерін зиянкестер мен аурулардан қорғау жөнінде бірлескен шаралар жүргізу жөніндегі мәселені пысықтасын.

8. Осы қаулы қол қойылған күннен күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 18 тамыздағы
N 1183 қаулысына
қосымша

Өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының таралуының алдын алу
және күресу жөніндегі республикалық кеңестің
Құрамы

Мыңбаев Сауат - Қазақстан Республикасының Ауыл
Мұхаметбайұлы шаруашылығы министрі, төраға

Амантаев Жеңісбек - Қазақстан Республикасы Ауыл

Жауынбайұлы шаруашылығы министрлігінің
Өсімдіктерді қорғау жөніндегі
комитеті төрағасының орынбасары,
төрағаның орынбасары

Баяхметов Еркеш - Қазақстан Республикасы
Баяхметұлы Премьер-Министрінің Кеңесі Аймақтық
даму және кадр бөлімінің бас
инспекторы, төрағаның орынбасары

Кеңестің мүшелері:

Бахмутова Елена - Қазақстан Республикасының Қаржы
Леонидовна министрлігі Бюджет департаментінің
директоры

Кәрімов Болат - Қазақстан Республикасының Көлік,
Есенгелдіұлы коммуникациялар және туризм
министрлігі Азаматтық авиация
департаментінің директоры

Жарылғапов Нұрғазы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
Ғалымұлы кіріс министрлігінің Кеден
комитеті төрағасының орынбасары

Нұрмұратұлы Тілеу - Қазақ өсімдіктерді қорғау
ғылыми-зерттеу институтының директоры

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

